

Елбасы Жолдауы талқыланды

Ағымдағы жылғы 3 ақпан күні Қостанай ст. Ішкі істер желілік бөлімінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа Жолдауы талқыланды.

Қостанай станциясындағы ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Мамбетов Жақсылық Өлеңұлы өз баяндамасында жеке құрамды Жолдаудан таныстырып, Қазақстан Республикасы Президенті Жолдауының маңыздылығына, еліміздегі жаңғырулардың өзектілігіне, олардың өзара байланысына назар аударды.

Еліміздің Ата Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына алдағы өзгерістері мен биылғы Жолдаудың міндеттері - бұл еліміздің кейінгі экономикалық жүйесі және саяси дамуы. Бұл процесте Президент «күшті және мемлекеттің әрекеттілігінің өлшеміне» баса назар аударады. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында қамтамасыз етілген, қойылған және орындалған міндеттерді іске асыру нақтылы механизмдермен қамтамасыз етілген.

Президент Қазақстандағы үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойды. Үшінші жаңғырту кезеңі еліміздің тұрақты дамуына, саяси және әлеуметтік - экономикалық жаңғыртудың қисынды жалғасуы болып табылады. Жаңғыртудың жаңа кезеңінде негізгі есу драйвы болып ауыл шаруашылығы, көлік-логистикалық кешені, сондай-ақ, құрылыс салалары болады.

Бүгінгі күні әрбір қазақстандық еліміздің дамыған 30 елдің қатарына енуі үшін бар күш-жігерін жұмсауы қажет.

Қостанай ст. ІІЖБ бастығы полиция подполковнигі Сапаров Ерман Рахманұлы бесінші басымдық - институционалды жаңғырту және сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізуіне баса назар аударды. Сонымен қатар, 2017-2020 жылдарға арналған Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға Президентіміз ерекше көңіл бөлді. Қоғамда, әсіресе, діни қарым-қатынас саласындағы радикалды көзқарасқа байланысты кез келген әрекетке «мүлде төзбеушілікті» қалыптастыру керектігін айтты. Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажеттілігін айта кетті.

Қостанай ст. ІІЖБ жеке құрамы арасындағы қоғамдық тәртіпті күшейту, тәртіп пен заңдылықты сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті нығайту мәселелері де назардан тыс қалған жоқ.

Қостанай ст. ІІЖБ Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

Елбасы халыққа кезекті Жолдауын арнады

Әрбір жолдауда Мемлекет басшысы ел алдындағы жаңа міндеттерді белгілеп отырады. Егемендік алғалы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осымен 21 рет халыққа жолдау арнапты. Осыдан тура 20 жыл бұрын 1997 жылдың 10-шы қазанында Мемлекет басшысы Алматы қаласында Парламентте «Қазақстан-2030» стратегиясын жариялағаны өлі есімізде.

Президенттік үндеу жас мемлекеттің алдағы 30 жылғы бағыт-бағдарын анықтап берді. Осы Жолдау - Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауы еді. Кейін жыл сайынғы дәстүрге айнала бастады.

Кейінгі әрбір жолдауда Мемлекет басшысы ең алдындағы маңызды жаңа міндеттерді айқын әрі нақты түрде белгілеп отырды. Елбасымыздың халыққа жолдаулары өлемнің 15 тілінде аударылған екен.

Жылдар бойы дәстүрге айналған Жолдау биыл 2017 жылдың 31 қаңтарында жарияланды. Мемлекет басшысы өз жолдауында:



- «Мен Қазақстан халқына жаңа дәуір қарсаңында сөз арнап отырмын. Еліміз өзінің 25 жылдық даму кезеңінен абыроймен өтті. Біз елімізді мақтан тұтамыз. 2017 жылдың басынан бастап Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі болды. Алматыда Универсиада-2017 спорт ойындары өтіп жатыр. Оған 57 мемлекеттен 2 мыңнан астам спортшы мен делегация мүшелері қатысуда. Осының барлығы Қазақстанның халықаралық аренада жоғары беделге ие болғанын және саясатымыздың дұрыстығын көрсетеді. Қазақстан 2050 жылға қарай әлемдегі ең алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылуға тиіс. Біз осы мақсатқа қарай табандылықпен ілгерілей береміз. «Нұрлы жол» экономикалық саясатының және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының нәтижесінде осынау қиын, жаһандық трансформацияның алғашқы кезеңінен лайықты өтіп келеміз. Тек 2014-2016 жылдар аралығында біз экономиканы қолдауға қосымша 1,7 триллион теңге жұмсадық. Мұның барлығы экономикалық өсімді және бизнесті қолдауға, 200 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік

береді. Нәтижесінде 2016 жылы біз ішкі жалпы өнімнің 1% өсімін қамтамасыз еттік. Бұл қазіргі күрелі жағдайда айтарлықтай маңызды. Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді. Бұл - жаңа жаһандық болмыс, оны біз қабылдауға тиіспіз» - деп атап өтті.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 4-курс курсанттарына Президент Жолдауына байланысты жиналыс өтті. Жиналыс барысында «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы полиция капитаны Аллесов Болат Бақытбекұлы курсанттар назарына Жолдауды толықтай оқып, таныстырды.

Мемлекет басшысының жолдауы курсанттарымызға болашаққа деген нық сеніммен қарауға, тынбай еліміз үшін еңбектенуге күш-жігер береді деген үміттеміз!

Марат КАБЫЛДИН,
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев ат.
Қостанай академиясы
4-курс бастығының
орынбасары
полиция лейтенанты

Судьялар мен Парламент Сенатының депутаттары кездесті

Қостанайда судьялар мен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Жеңіс Нұрғалиев пен Серік Бектұрғанов кездескен жиын өтті деп хабарлайды Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі.

Кездесу Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын талқылаудан басталды.

Жиында Елбасы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жыл сайынғы Қазақстан халқына

Жолдауын жариялаған болатын. Бұл құжатта негізгі саяси, экономикалық және әлеуметтік бағыттардағы жаңарумен қатар сот жүйесіне қатысты тұстар көрсетілген.

Талқылау барысында Президент Жолдауында елімізде сот жүйесіне деген халық сенімінің деңгейін арттырып, сот қызметіне заңсыз ықпал ету әрекеттерін болдырмау керектігіне назар аударылғандығы айтылды.

Осы тұста, Қостанай облыстық сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев сот органдарының жұмысы жайлы халықты хабардар етуге бағытталған ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Бүгінде сот жүйесі ашық әрі шынайы. Тұрғындардың сот төрелігіне етене жақын болуына бағытталып сот жұмысында жаңа технологиялар енгізілді. Қоғаммен, БАҚ-пен өзара іс-қимыл үйлестіріліп, үкіметтік емес ұйымдармен іскерлік байланыс орнатылған. Қоғамдық талқылауға түскен әр қылмыстық, азаматтық және әкімшілік іс барынша ашық қаралады. Бүгінде әр судьяның қызметі айқын. Алдағы уақытта бұл үрдіс өз жалғасын табады.

Кездесу соңында ҚР Парламенті Сенатының депутаттары мемлекеттік мүдделерді жүзеге асыру бағытындағы жұмыс үшін алғыстарын білдірді.

Ең басты міндет - жазалау емес, тәрбиелеп, дұрыс жолды сілтеу

Жақында Қостанай облыстық соты көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының құрылғанына 5 жыл толуына арналған «Ювенальдық әділетті қалыптастыру және дамытудағы сот рөлі» тақырыбында конференция өткізді.

Облыстық сот төрағасы Асламбек Мерғалиев конференция модераторы болып, шараға Қостанай облысы әкімінің орынбасары Сергей Карплук, облыстық мәслихат хатшысы Сайлаубек Ещанов, судьялар, облыстық прокуратура, ішкі істер департаменті, білім басқармасы, адвокаттар алқасы, үкіметтік емес ұйым мен БАҚ өкілдері қатысты.

Конференцияға жиналғандар алдымен соттың дәлізінде ұйымдастырылған көрмені тамашалады. Көрмеде балалар үйінің тәрбиеленушілерінің моншақ, жіп, ағаш, қағаз, т.б. материалдардан жасаған түрлі туындылары қойылған.

Қоғамның ең бір әлсіз тұсы - балалардың лайықты өмірін қамтамасыз ету керектігі жайлы Елбасының сөзімен шараны ашқан

облыстық сот төрағасы А.Мерғалиев: «Ювенальдық әділетті дамытудағы ең бір маңызды қадам және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының маңызды жетістіктерінің бірі ювенальдық соттардың ашылуы», - деді.

Ювенальдық сот төрайымы Айзада Жәнібекова өз баяндамасында мамандандырылған сот жұмысын егжей-тегжейлі сараптап, отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынасқа, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелеріне терең тоқталды.

Сотта қаралатын азаматтық істердің барлығы дерлік психологтың қатысуымен өтеді. Сонымен қатар, бүгінде соттар ең басты міндет жазалау емес, тәрбиелеу, жол көрсету ұстанымымен жұмыс істейді. Болашақта ақыл-парасаты жоғары балалардың, жастардың өсуі, отбасының құрылуы жолында барлық мемлекеттік, үкіметтік емес, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының бірлесіп жұмыс істеуі маңызды шара. Отбасы, ата-ана мен бала мәселелері қозғалған конференция барысында осы және өзге де өзекті жайттар қозғалды. Көмелетке толмағандар ісі

жөніндегі сот жұмыс істеп келген бес жыл ішінде сотта 4 мыңнан астам іс қаралған. Үш жүзден астам бала сот шешімімен отбасына тап болған. Істерді қарауда тараптарды бітімгершілікке келтіру рәсіміне назар аударылады. Медиация рәсімін жүргізудің нәтижесінде баласы үшін қам жеген ата-аналардың бірқатары бір тоқтамға келіп, келісімге келуде. Бұл жылдар ішінде сот төрелігін жүзеге асыру сапасы да тиісті деңгейде.

Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда құқық қорғау органдары да маңызды жұмыстар жүргізуде. Облыстық прокуратураның аға прокуроры Дина Қадамбаева бүгінде өз өзектілігін жоғалтпай отырған мәселенің бірі ата-ананың алимент төлеуден бас тартуы болып отырғанын айтты.

- Кей адамдар өздерінің алимент төлеуден қашып, баланы қамтамасыз ету міндетін жалғыз өкениң немесе ананың міндетіне қалдырғанын мақтан тұтады. Ал қоғам бұл жайтты бейжай қабылдайды, - дейді прокурор. Ел аумағынан шығуға тыйым салу, көлік жүргізу куәлігінен айыру сынды әрекеттер нәтижесі мардымсыз. Осыған орай, алимент төлемегендерді

қылмыстық жауапкершілікке тарту шаралары қарастырылып отыр. Осы негізде, баяндамашы 2011 жылы туған қызына алимент төлемеген Лисаков қаласының 25 жастағы тұрғыны қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 1 жылға бас бостандығын шектеу жазасына тартылғанын мәлімдеді.

Көмелетке толмағандардың құқығын қорғауда психологтардың рөлі туралы «Халықаралық құқық қорғау орталығы» қоғамдық бірлестігінің өкілі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры Ш.Саркисян баяндама жасады. Профессор ювенальдық әділетте кездесетін мәселелерді шешуде жоғары білікті психолог мамандардың тапшы екендігін баса айтты. Сондай-ақ Ш.Саркисян: «Көмелетке толмағандармен жұмыс істеу барысында заңгерлік және педагогикалық білім жеткіліксіз. Кем дегенде психология бойынша арнайы курстан өту керек», - дейді.

Конференция барысында көмелетке толмағандардың өздерін дұрыс ұстай алмауына қатысты жайттар да талқыға салынды. Бұл тұрғыда сөз алғандар тәрбиесіз немесе бөтен бала болмайды, тек оларды түсіне алмайтын ересектер

бар екендігін айтты.

Ювенальдық соттың бес жылдығы қарсаңында сот ұжымы балалар үйінің тәрбиеленушілер арасында «Отбасы туралы үздік шумақ» тақырыбында конкурс жариялаған болатын. Конкурс нәтижесі бойынша 1-орынды - Қостанай облыстық балалар үйінің тәрбиеленушісі Данна Ткач, 2-орынды - «Жанұя» балалар мекемесінің тәрбиеленушісі Әмина Досжанова, 3-орынды - Рудныйдағы балалар үйінің тәрбиеленушісі Қалихан Теміров иеленді. Ата-ана мейіріміне зарыққан балалардың жазған туындылары конференцияға қатысушылардың көңілін босатып, көздеріне жас алғызды. Шығармаларда өздерін тағдыр төлкегіне тастаған ата-аналарына деген балалардың сағынышы, көңіл мұңы сезіледі.

Жеңімпаз әр балаға Қостанай облыстық сотының төрағасы А. Мерғалиев құрмет грамотасы мен сыйлық сертификаттарын табыстады. Ал балалар үйінің тәрбиеленушілері мерекелік концерттік қойылымдарын тарту етті.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

ҚР ІІМ Ш. ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ:

Ел қалаулысы – Академияда

Жақында Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ұжымы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, “Нұр Отан” фракциясының мүшесі, Заң шығару және соттық-құқықтық реформа комитетінің хатшысы заң ғылымдарының докторы, профессор Светлана Федоровна Бычковамен кездесті.



Кездесу барысында халық қалаулысы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылау, мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу, Мәжілістің қызметі туралы халықты хабардар ету, аймақта әлеуметтік-экономикалық жағдайларды зерттеу туралы мәселелерін түсіндірді.

Сонымен қатар, осы күні Академия қабырғасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау саласында «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру» атты дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстел жұмысына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, заң ғылымдарының докторы, профессор Светлана Федоровна Бычкова, Қазақстан Республикасы ІІМ Қылмыстық

атқару комитетінің өкілі Пробация қызметіне басшылық ету басқармасының бастығы әділет майоры Александр Викторович Тереня, Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция полковнигі Мирлан Ахмедияұлы Қызылов, қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы және криминология кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, оставкадағы полковник Игорь Викторович Слепцов, Біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының бастығы, педагогика ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі Гайда Байгүровна Жандарбекова, Академия профессорлық-оқытушылар құрамы, ғылыми зерттеу орталығының ғылыми қызметкерлері, магистранттар мен курсанттар, Қостанай облысы бойынша ҚАЖД тәжірибелік қызметкерлері қатысты.

Басқосуда Елбасының кезекті Жолдауы мен мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіліктерді қайта бөлу туралы үндеу талқыланды. Сонымен қатар, қылмыстық атқару жүйесін ізгілендіру, осы саладағы заңнамалық өзгерістер жайы да сөз болды. Әсіресе, жаңадан қабылданған «Пробация туралы заңды» іс жүзіне асыру әңгіменің өзегіне айналды. Себебі, бұл

тұрғыда қылмыстық атқару жүйесі мамандарына жаңа міндеттер жүктеліп отыр.

Алғы сөзін қонақты таныстырудан бастаған Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов Жолдаудың қазіргі қоғамда аса маңызды құжат екенін сөз етті. Одан кейін сөз Мәжіліс депутатына берілді.

Мен сіздермен қауышып, кездесіп отырғаныма өте қуаныштымын. Сіздердің Академияларыңыз туралы жақсы білемін. Сіздердің профессорлық-оқытушылар құрамы заң саласын дамытуда үлкен үлестер қосып келеді, - дей келе депутат «Пробация» туралы заң Қазақстан үшін тың нәрсе сондықтан оларды жүзеге асыру жолдарын нақтылау үшін осындай басқосулар аса маңызды деген ой-пікірін білдірді. Бүгінгі айтылатын пікірлер біздің заңды одан әрі жетілдіріп, жаңа тиімді ережелер қабылдауымызға мүмкіндік береді, - деді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Светлана Бычкова.

Светлана Федоровнадан кейін ҚАЖ комитетінің өкілі Пробация қызметіне басшылық ету басқармасының бастығы А.В.Тереняда өз пікірін ортаға салды.

Дөңгелек үстелде аясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №912 қаулысымен бекітілген кешенді стратегияны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында қарастырылған бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан сотталғандарды қайта әлеуметтендіру бойынша белгіленген мынадай іс-шаралар талқыланды:

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды жұмысқа және тұрмыстық орналастыру бойынша «қақпа алдында кездесу» әлеуметтік жобасын әзірлеу;

Кешенді стратегияны жүзеге асыру бойынша индикаторлар есебінің тетігін әзірлеу;

сотталғандарды қайта әлеуметтендіру мәселелерін зерттеуді ІІМ Қостанай академиясының тақырыптық жоспарларына қосу;

пробация қызметтерінің жұмысына тұлғаны зерделеудің заманауи әдістерін, оның ішінде қайта әлеуметтендіру процесін жекешелендіру мақсатында тәуекелдердің алдын алу жүйесін (Risk-needs-responsibility (RNR) – тәуекелдерді бағалау және оңалту мүмкіндіктерін негізіне сезімталдылығы) енгізу;

қауіпсіздігі аралас мекемелерде қылмыстық жазасын өтеп жатқан және қамауда ұсталатын адамдардың сандық және сапалық құрамына әлеуметтік зерттеулер жүргізу әдістемесін әзірлеу;

ІІМ Қостанай академиясының базасында пробация мамандарын оқыту орталығын құру;

ІІМ Қостанай академиясы пробация қызметі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру туралы сөз болды.

Ел қалаулысы, заң ғылымдарының докторы, профессор Светлана Федоровна Бычкованың келуі Академия ұжымының оқу-ғылыми қызметін әрі қарай дамыту үшін біздің жоғары оқу орнымызға қосымша дем беретіні сөзсіз.

Жалпы депутат Елбасының Жолдауын жан-жақты түсіндіре келе, сөз соңында барлық елді Жолдаудағы көрсетілген тапсырмаларды уақытында орындауға бір адамдай атсалысуға шақырды.



Жолаушылар поезындағы кездесу

Қостанай станциясындағы ІІЖБ қызмет көрсету учаскесінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықты ескерту мақсатында 2017 жылғы ақпанның 13-17 аралығында «Поезд» жедел - профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Аталған іс-шара шеңберінде ағымдағы жылғы 13 ақпанда Қостанай ст. ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Е.Қ. Сүлейменов, ЮПТ-тың учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Э.Ю. Нарбасова, ҚҚПТ инспекторы полиция аға лейтенанты Ә.Е. Сатубалдина «Нұр Отан» партиясы Қостанай қалалық филиалының заң кеңесшісі В.Р. Соболевпен, Қостанай көлік прокуратурасының прокуроры А. Өтетілеуовпен және жоғары аталған поезд бастығы Н.С. Шаншаровпен бірге «Астана-Атырау» бағытындағы № 57/58 жолаушылар поезында Қостанай станциясынан Железрудная станциясына дейін жолаушылар поезында кездесу өткізді.

Іс-шараның мақсаты халық арасында құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру, азаматтардың құқықтық санаты мен мәдениеттілігін жоғарылату, жасөспірімдер қылмыстарын ескерту және алдын алу, сондай-ақ, жолаушылар мен поезд бригадасының жұмысшыларымен жеке әңгімелесу және олардың көлік полициясы жұмысы туралы пікірлерін білу.

Кездесу алдында поездың дауыс зорайтқышы арқылы азаматтарды қабылдау туралы хабарланды, комиссия мүшелері таныстырылды.

Жолаушыларға поездарда жиі жасалатын қылмыстар жайында, жеке және мүлктік қауіпсіздік шараларына менсінбей қараушылық туралы айтылды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 14 желтоқсанда бастау алған ҚР Президентінің құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидаттары қосымша түсіндірілді.

Жолаушыларға профилактикалық сипатындағы брошюралар үлестірілді.

Бұл аталған мұндай кездесулерде азаматтардың жол жүру барысындағы, теміржол вокзалдарында құқықтық тәртіптің жалпы жағдайы, полиция туралы өз пікірлерін айтуға мүмкіндіктері бар.

Сол күні, 2017 жылғы 13 ақпанда «Поезд» жедел-профилактикалық іс-шарасы шеңберінде Қостанай станциясындағы теміржол вокзалы ғимаратында Қостанай ст. ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Е.Қ. Сүлейменов, ЮПТ-тың көмелетке толмағандардың істері бойынша учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Э.Ю. Нарбасова, ҚҚПТ инспекторы полиция аға лейтенанты Ә.Е. Сатубалдина «Нұр Отан» партиясы Қостанай қалалық филиалының заң кеңесшісі В.Р. Соболевпен, Қостанай көлік прокуратурасының прокуроры А. Өтетілеуовпен және Қостанай станциясындағы вокзал бастығы Б.Қ. Ибраевамен бірге транзиттік жолаушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Аталған профилактикалық іс-шарасы шеңберінде жолаушыларға өз заттарын, әсіресе ұялы телефондарын қараусыз қалдырмау, бағыты бір бейтаныс азаматтарға сенім артпау және келенсіз жөйттар орын алған жағдайда жолаушылар поездарына ілесіп жүру нарядына уақтылы шағымдану жөнінде кеңес беріліп, жолаушыларға профилактикалық сипатындағы брошюралар үлестірілді.

Жолаушыларға әкімшілік және көші-қон заңнамасы бойынша заң кеңестері берілді.

Қостанай ст. ІІЖБ

Кәсіптік бағдар жұмысы жалғасуда

2017 жылғы 13 ақпанда Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының акт залында академия қызметкерлері мен Қостанай облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаменті кадр жұмысы бөлімінің қызметкерлері мектеп бітіруші оқушылармен кездесу өткізді.

Кездесуге Қостанай қаласының 11-сынып оқушылары қатысты. Кездесу барысында Академияның қабылдау комиссиясының хатшысы полиция полковнигі Нұрлан Толқынбаев түсіндірме жасап, таныстырды.

Нұрлан Аққалашұлы оқушыларға Академияға қалай оқуға түсу керектігі жөнінде толықтай ақпарат берген соң, оқушылардың қойған сұрақтарына толымды жауап берді.

- Біздің оқу орнымызға түсу үшін ең бірінші талапкер өзін психологиялық тұрғыдан дамығанын, денсаулығының жарамдылығын және ҰБТ тестілеу нәтижесінің жоғары болуын, спорттан жетістігі болуын басты назарда ұстауға тиіс. Егер, осы талаптарға сай келсеңіз, Сіздің біздің оқу орнымыздың курсанты болуыңызға үмітіңіз бар, - деді Нұрлан Толқынбаев.

Одан кейін комиссия хатшысы биылғы жылы алғаш рет Академияда қолға алынып отырған тікелей қабылдау туралы ақпарат берді;

- «Тікелей қабылдау» Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы Қазақстан Республикасы ІІМ 2016 жылғы 27 желтоқсандағы № 1195 бұйрығына сәйкес мемлекеттік бюджет есебінен күндізгі оқу нысаны бойынша келесі мамандықтар бойынша іске асырылады:

- 5B030300 – «Құқық қорғау қызметі» (әкімшілік-құқықтық мамандандыру, қылмыстық-атқарушылық мамандандыру);

- 5B010300 – «Педагогика және психология»;

- 5B090500 – «Әлеуметтік жұмыс».

- Оқуға үміткерлерді тікелей қабылдау бойынша іріктеуге және тексеруге Академия үшін ҚР ІІМ жоғары оқу орындарына қабылдау жоспарының 20% дейінгі қабылдау орнының саны белгіленген.

- «Тікелей қабылдау» аясында оқуға түсудің ерекшелігі Қазақстан Республикасы азаматының құжаттарды Академияға тікелей тапсыру мүмкіндігінің болуында.

- «Тікелей қабылдауға» Қазақстан Республикасының кез келген облысынан, жасы он алтыға толған және жиырма бес жастан аспаған, жалпы орта немесе кәсіби орта білімі бар, өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, денсаулығы мен дене бітімінің даму

жағдайының көрсеткіштері бойынша ішкі істер органдарында қызмет атқаруға қабілетті азаматтар қатыса алады.

- (ескерту: ұлдар үшін бойы 170 см., кем емес, қыздар үшін бойы 160 см., кем емес).

- Қабылдау емтихандарынан табысты өткен және оқуға «Тікелей қабылдау» арқылы алынған талапкерлер белгіленген тәртіппен ішкі істер органдарында қызмет атқару туралы келісімшарт жасайды және Академияны бітіргеннен кейін Қазақстан Республикасы ІІМ аймақтық органдарында әрі қарай қызмет атқаруға өз еркімен міндеттеме алады.

Құжаттарды рәсімдеу 2017 жылдың 15 наурызына дейін деп белгіленіп отыр, - деді толықтай түсіндірген Нұрлан Аққалашұлы Толқынбаев.

Кездесуден кейін Академияға келген қонақтарға Академия туралы бейнефильмдер көрсетілді. Одан кейін оқушылар Академиядағы қос мұражайға ат басын бұрып, Академияның өмірімен танысты.

Оқушылар көңілді кездесуден кейін болашақта аталмыш оқу орнына түскілері келетіндіктерін де жасырмады.

Академияның баспасөз хатшысы
Мейрам ОСПАНОВ
Суреттерді түсірген: С. Камалов

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru